



«БЕКІТІЛДІ»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры
Р. Емелбаев
« » 202 ж.

Жараттылыстану-математика бағыты
«Ауылшаруашылық машиналары» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

B081 - Жерге орналастыру

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Топырақты негізгі өңдеуге арналған машиналар мен құралдар	01	Соқалар, олардың жұмыс органдары мен қосалқы бөліктері.	Соқалар, олардың жұмыс органдары мен қосалқы бөліктері туралы білімді қалыптастыру.
		02	Аспалы соқалар.	Аспалы соқалар, олардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері туралы білімді қалыптастыру.
		03	Жартылай аспалы соқалар.	Жартылай аспалы соқалар, олардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері туралы білімді қалыптастыру.
02	Жер бетін өңдеу құралдары	04	Сыдырғыштар.	Сыдырғыштар және олардың түрлерін сипаттау.
		05	Түренді сыдырғыштар.	Түренді сыдырғыштардың құрылысын және жұмыс істеу қағидатын сипаттау.
		06	Тырмалар.	Тырмалардың құрылысын және жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
		07	Культиваторлар.	Культиваторлардың құрылысын және жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
		08	Таптағыштар.	Таптағыштардың құрылысын және жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
		09	Тіркегіштер.	Тіркегіштердің құрылысы және олардың жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.

		10	Жел және су эрозиясына ұшыраған топырақты өңдеуге арналған машиналар мен құралдар.	Эрозияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру. Эрозияның түрлері туралы білімді қалыптастыру.
03	Минералды тыңайтқыштарды енгізетін, тасымалдайтын және тиейтін машиналар	11	Минералды тыңайтқыш енгізетін машиналардың типтері.	Тыңайтқыштарды салу әдістерін меңгерту мен оларға қойылатын агротехникалық талаптарды орындау. Минералды тыңайтқыштарды енгізуге арналған машиналардың жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
		12	Органикалық тыңайтқыштар шашатын машиналар.	Органикалық тыңайтқыштарды енгізуге арналған машиналардың жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
04	Картопты отырғызатын және жинайтын машиналар	13	Картоп отырғызатын машиналар.	Картоп отырғызатын машиналардың жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
		14	Картоп жинайтын машиналар.	Картоп жинауға арналған машиналардың жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
05	Егіс машиналары	15	Дәнді дақылдарды себуге арналған сепкіштер.	Дәнді дақылдарды себуге арналған сепкіштердің жіктелуін, жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
		16	Отамалы дақылдарды егуге арналған сепкіштер.	Отамалы дақылдарды егуге арналған сепкіштердің жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
06	Шөп пен сабанды дайындайтын және жинайтын машиналар	17	Шөп шабатын машиналар.	Шөп шабатын машиналардың жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау. Сүрлем жинайтын комбайндардың жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
		18	Шөп жинағыш тырмалар.	Шөп жинайтын тырмалардың жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
		19	Пішенді престейтін машиналар.	Пішенді престейтін машиналардың жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
07	Өсімдіктерді қорғау машиналары	20	Бүріккіштер мен тозаңдатқыштар.	Бүріккіштер мен тозаңдатқыштардың жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
		21	Аэрозоль генераторлары.	Аэрозоль генераторларының жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.
		22	Тұқым улағыштар.	Тұқым улағыштардың жұмыс істеу қағидаттарын сипаттау.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Ауыл шаруашылық машиналары» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят

(контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Устинов А.Н. «Ауыл шаруашылығы машиналары», 2017 ж.
2. Гладов Г.И. Тракторлар құрылымы техникалық қызмет көрсету. Оқу құралы, 2014 ж.
3. Котиков В.М. Тракторлар құрылымы техникалық қызмет көрсету. Оқу құралы, 2017 ж.



Алдияров К.Т.

202 ж.